

ҚАРАЛДЫ

БЕКІТЕМІН

КЕЛІСІЛДІ

№1 педагогикалық кеңесте  
«31» тамыз 2021 ж.

«Тереңсай жалпы орта білім  
беретін мектебі» КММ-нің  
директоры

Әйтеке би аудандық білім  
бөлімі басшысы



*Р.Ж. Кобыланов*  
Кобыланов Р. Ж.



*Б.Д. Сейітханов*  
Б.Д. Сейітханов

### Тақырыбы: «Өнерлі екен он саусақ»

Шағын орталық, ортаңғы топ  
(вариативтік компонент)

#### ОРЫНДАДЫ:

Шағын орталық тәрбиешісі *Мадиева А. Н*

#### №1 әдістемелік бірлестік отырысында қаралды:

Әдістемелік бірлестік жетекшісі

*Г.Т. Убаева* Убаева Г.Т.

26.08.2021ж.

#### ТЕКСЕРІЛДІ:

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

*Б.С. Калданова* Калданова Б.С.

27.08.2021ж.

Тереңсай ауылы

## Түсінік хат

Дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салу, мүсіндеу, қол еңбегі бүлдіршіндердің ең сүйікті ісі де болады. Өйткені, бояу әлеміне ену, оны қолмен ұстап, сезіну арқылы салынған дүние – балалардың танымдық деңгейін ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға деген қызығушылығын да арттырады. Сондықтан болар, дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу:

- баланың психикасына (эмоционалдық жағдайына);
- логикалық ойлау қабілетіне;
- саусақ моторикасының дамуына;
- қағаз бетіне бағдарлай білуді;
- көзбен көріп, мөлшерлей білуді;
- эстетикалық талғамының қалыптасуына зор ықпал етеді.

Жалпы, мектепке дейінгі мекемелердегі бейнелеу өнерінің, мүсіндеудің, табиғи материалдармен жұмыс жасаудың шығармашылық қабілеттерін шыңдауда балалар үшін маңызы зор. Өз түсінгенін бұқпасыз, боямасыз жеткізетін жеткіншектің бояу арқылы бағдарлауында тәрбиешінің орны ерекше. Сондықтан да, өзімнің шығармашылық жұмысымның арқауы ретінде осы дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуды, мүсіндеуді, қол еңбегін алуды жөн көрдік. Аптасына бір рет өткізілетін бұл іс-әрекеттер балалардың қиялын, ой-өрісін дамытады, шығармашылыққа жетелейді. Шығармашылық жұмысымның өзектілігіне келер болсақ: Бала қиялына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін, жан дүниесін бағдарлау, нәтижеге жетер жолдағы тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту. Ерте кезде-ақ философтар шығармашылық феноменды аңғаруға және адам дамуына ықпалы қаншалықты екенін анықтауға ұмтылды (Платон, Аристотель, Ф. Аквинский, И.Кант). Орыс философиясында шығармашылық зор түсініктердің бірі екендігін мойындайды (В.С.Соловьев, В.Н.Лосский, И.А.Беряев). Бейнелеу өнері шығармаларын жақсы дәрежеде қабылдау үшін, бала өнердің өзінің бейнелеу тілін түсінетін дамыған қабілет болу қажет. Өнер қабылдау балада арнайы үйренуді қажет етеді.

**Мақсаты:**

- Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту.
- Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру.
- Бастаған істі аяғына жеткізуге, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, рухани адамгершілік қасиетін дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

**Міндеттері:**

-Балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, бір затты әр қырынан көре білулеріне, жасаған жұмыстарын талдауға, өз ойларын жеткізе білулеріне машықтандыру.

-Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту.

-Саусақ моторикасының дамуына, эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал ету.

-Сурет өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру.

**Күтілетін нәтиже:**

- Дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу техникасын меңгеріп, өз беттерінше жұмыс жасайды.
- Шығармашылық қабілеттері шыңдалады.
- Жасаған жұмысы туралы айтып бере алады.

## **Ақпараттық – әдістемелік бөлімі.**

«Өнерлі екен он саусақ» вариативті компонентіндегі негізгі әдіс-тәсілдер көрсету, түсіндіру, ұғындыру, әңгімелеу, баяндау әдіс тәсілдері қолданылады.

Бала бойында еңбексүйгіштікті тәрбиелеу жайлы К.Д.Ушинский: «Тәрбиенің өзі, егер ол адамға бақыт тілейтін болса, оны бақыт үшін емес, өмір сүру еңбегіне даярлау керек.

Тәрбие адам бойында еңбекке деген сүйіспеншілік пен әдетті дамытуы керек; ол адамға өмірдегі өзі үшін қажетті еңбекті табуға мүмкіндік жасауы керек...

Тәрбие адамның ақылын ғана дамытып, оны белгілі көлемдегі мәліметтермен таныстырып қана қоймай, адам жүрегінде еңбексіз адам өмірі абыройлы да, бақытты да болмайтындай еңбекке деген ынтаны жандыруы. Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.

Тік төртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу әдіс- тәсілдерін меңгерту. Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. Қағаз, желім, қайшымен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қиылған дайын үлгі қалыптар бойынша пішінді қиып, бір-біріне таза, ұқыпты желімдеуге үйрету. Бір-біріне қуаныш сыйлауға жұмылдыру. Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету.

## Мазмұндық бөлім

№	Тақырыбы	Мазмұны
1	Ұшақтар бүктеу	<i>Қағаздың түрлерімен таныстыру, қағаздан бүктеу әдісін түсіндіріп, дайындау.</i>
2	Аққулар Қол еңбегі	<i>Қағаздың түрлерімен таныстыру, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.</i>
3	Сиыр сурет салу	<i>Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолымен ұстауға үйрету, жаттықтыру.</i>
4	Паровоз мүсіндеу	<i>Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс – тәсілдерін түсіндіру.</i>
5	Әтеш пен бақа жапсыру	<i>Балаларға түрлі - түсті қағаздарды таныстыра отырып, үлгілерін бастырып қию. Қағазбен жұмыс жасау іскерлік дағдыларын қалыптастыру.</i>
6	Алтын балық қол еңбегі	<i>Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, дайын болған жұмыстарын әшекейлеуге үйрету.</i>
7	Қайық бүктеу	<i>Бүктеп жасай білуге үйрету. Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру</i>
8	Қашқаргүл (астра) мүсіндеу	<i>Балаларды гүлдермен таныстыруды жалғастыру. Мүсіндеу арқылы балалардың қол икемділіктерін арттыру.</i>
9	Арыстан жапсыру	<i>Түрлі қағаздардан арыстан бейнесін бастырып жапсыру.</i>
10	Аққала қол еңбегі	<i>Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру. Қиып алынған бөлшектерді әдемі орналастырып бекіту.</i>
11	Үйрек мүсіндеу	<i>Тұзды қамырды ұқыпты пайдалану. Қол икемділіктерін арттыру.</i>
12	Түймедақ бүктеу	<i>Бүктеу әдіс - тәсілдерді түсіндіру.</i>
13	Қысқы киім . қол еңбегі	<i>Матаның сапасымен, тігіншілер еңбегімен таныстырып, еңбек туралы мақал - мәтелдер жаттату</i>
14	Тасбақаның суретін салып үйренеміз сурет салу	<i>Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыпты бояуға жетелеу.</i>
15	Досыма сыйлық мүсіндеу	<i>Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс - тәсілдерін көрсету.</i>
16	Қалампыр қол еңбегі	<i>Қағазбен әртүрлі жұмыс дағдыларын жетілдіру.</i>
17	Тату жанұя (мүсіндеу)	<i>Балаларға отбасы туралы әңгімелер оқып беріп, тақпақтар, нақыл сөздер жаттау. Отбасы туралы мүсіндеу.</i>
18	Қоңыраугүл сурет	<i>Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолымен ұстауға үйретіп жаттықтыру.</i>
19	Қояндар бүктеу.	<i>Түрлі бүктеу әдіс - тәсілдерін үйрету.</i>

20	Молшылық, береке түрлі материалдар	<i>Түрлі материалдармен жұмыс жасауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру.</i>
21	Бақа бүктеу	<i>Қағаздарды бүктеу тәсілдерін жасап жаттығу.</i>
22	Қаздың балапаны қол еңбегі	<i>Балаларды ине - жіппен жұмыс жасауға жаттықтыру.</i>
23	Бақ - бақ қол еңбегі	<i>Балалардың ынта - ықыласын арттыру, көтеріңкі көңіл - күй туындату.</i>
24	Балықтар. мүсіндеу	<i>Саусақ икемділіктерін әрі қарай жаттықтыру. Түрлі пішіндерді мүсіндеу.</i>
25	Анамызға сыйлық (қол еңбегі)	<i>Түсті қағаздардан гүл құрастыру. Аналарына сыйлық дайындау.</i>
26	Гүлдер әлемі сурет	<i>Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу</i>
27	Орманда қол еңбегі	<i>Балаларға гүлдердің түрлері туралы ертегі оқып беріп, мазмұндау. Балаларды бояумен сурет салғызуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу.</i>
28	Көлде жүзген аққу мүсіндеу	<i>Тұзды қамырды ұқыпты бояу. Қол икемділіктерін арттыру.</i>
29	Қайықша. бүктеу	<i>Қайықшаны түрлі қағазбен бүктеу тәсілдерін жасауға жаттықтыру.</i>
30	Қонжық (қол еңбегі)	<i>Аюдың аюдың баласы туралы ертегі оқып беру, мазмұндау. Әртүрлі материалдарды біріктіріп, аюлар бейнесін жасауға үйрету. Дене бөліктерін біріктіріп, желімдеу, балалардың ой-қиялын дамыту.</i>
31	«Алқаптағы гүлдер» жапсыру	<i>«Көктем» мезгілінде өсетін гүлдер туралы тақпақ жаттау. Көктем гүлдерін жинақтап, кептіріп жапсырмалау.</i>
32	Құстар (сурет салу)	<i>Балаларға «Құстар» туралы ертегі оқып беру. Тақпақ жаттау. Балаларды табиғаттағы құстарды аялап, баптап, күте білуге үйрету. Құстарға деген қамқорлық көзқарастарын тереңдету. Құстардың суретін салу. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.</i>
33	Жаңбыр (саусақпен сурет салу)	<i>Шығарманы оқып беру, мазмұнын түсіндіру. Балалардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Жаңбырдың суретін саусақ арқылы салу.</i>
34	Шалғын шөптер (жапсыру)	<i>Балаларға шөптер туралы әңгіме оқып беру арқылы, білгендерін жетілдіру. Шөпті ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсыру.</i>
35	Жайлауда (қол еңбегі)	<i>Балаларға «Жайлау» туралы әңгімелеп, мазмұндау. Жайлаудың бейнесін әртүрлі заттардан бейнелеп жасау.</i>
36	Көрме ұйымдастыру	<i>Ата-аналармен көрме ұйымдастыру</i>
Барлығы		36сағат

**Нормативтік бөлім**  
Барлығы -36 сағат Аптасына -1 сағат

№	Тақырыбы	Пайдаланылған әдебиеттер	Сағат саны	Уақыты
1	Ұшақтар бүктеу	Ұшақтың суреті салынған плакаттар, қағаздар, түрлі түсті бояулар	1	03.09
2	Аққулар қол еңбегі	Аққудың суреті, картон қағаз, қайшы, желім, түрлі-түсті бояулар	1	10.09
3	Сиыр сурет салу	Сиырдың суреті, түрлі-түсті бояулар, ақ қағаз	1	17.09
4	Паровоз мүсіндеу	Сюжетті суреттер, ермексаз	1	24.09
5	Әтеш пен бақажапсыру	Желім, қайшы, қағаздар, үлгілер, траферат	1	01.10
6	Алтын балық қол еңбегі	Балық туралы үлкен суреттер, (тамақ үстінде, қыдырып жүрген)	1	08.10
7	Қайық бүктеу	Қағаз, қайықтың суреті	1	15.10
8	Қашқаргүл (астра)мүсіндеу	Қашқаргүлдің суреті, ермексаз	1	22.10
9	Арыстан жапсыру	Сюжетті сурет, түрлі түсті қағаздар, желім, қайшы	1	29.10
10	Аққала қол еңбегі	«Қазақстан табиғаты» тақырыптық суреттер	1	05.11
11	Үйрекмүсіндеу	Тақырыптық суреттер	1	12.11
12	Түймедақбүктеу	Тақырыптық суреттер	1	19.11
13	Қысқы киім қол еңбегі	Қысқы киімдердің суреттері, әртүрлі мата, қайшы, желім.	1	26.11
14	Тасбақаның суретін салып үйренеміз сурет салу	Тақырыптық суреттер	1	03.12
15	Досыма сыйлық мүсіндеу	Сюжетті сурет, ермексаз.	1	10.12
16	Қалампыр қол еңбегі	Қалампыр гүлінің суреті. Түрлі-түсті қағаз, қайшы, желім.	1	24.12
17	Тату жанұя (мүсіндеу)	Сюжетті суреттер	1	31.12
18	Қоңыраугүл сурет	Қоңыраугүл салынған суреттер	1	14.01
19	Қояндар бүктеу.	Қоянның суреті, түрлі түсті қағаздар	1	21.01
20	Молшылық, береке түрлі материалдар	«Күз» туралы суреттер	1	28.01
21	Бақа бүктеу	Тақырыптық суреттер	1	04.02
22	Қаздың балапаны қол еңбегі	Әңгіме желісі бойынша суреттер	1	11.02
23	Бақ - бақ қол еңбегі	Тақырыптық суреттер	1	18.02
24	Балықтар. Мүсіндеу	Сюжетті суреттер	1	25.02
25	Анамызға сыйлық (қол еңбегі)	Тақырыптық суреттер	1	04.03

26	Гүлдер әлемі Сурет	Сюжетті суреттер, бояулар, ақ қағаз.	1	11.03
27	Ормандақол еңбегі	Сюжетті суреттер	1	18.03
28	Көзде жүзген аққумүсіндеу	Тақырыптық суреттер	1	01.04
29	Қайықша. бүктеу	Қайықшаның суреті	1	08.04
30	Қонжық(қол еңбегі)	Қонжықтың суреті.	1	15.04
31	«Алқаптағы гүлдер»Жапсыру	Алқаптағы гүлдердің суреттері		22.04
32	Құстар (сурет салу)	Құстардың суреттері.	1	29.04
33	Жаңбыр(саусақпен сурет салу)	Көрнекі суреттер	1	06.05
34	Шалғын шөптер (жапсыру)	Сюжетті суреттер.	1	13.05
35	Жайлауда(қол еңбегі)	Сюжетті суреттер.	1	20.05
36	Көрме ұйымдастыру		1	27.05
Барлығы			36	



### **Оқушыларға арналған әдебиеттер.**

1. Мектепке дейінгі ұйымдағы оқушыларды рухани дамыту мәселелері.
2. Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту. Зерек бала бағдарламасы.
3. «Қазақтың ұлтық ойындары» Алматы кітап 2013 жыл
4. «Тіл дамытудың ғажайып әлемі» Алматы кітап 2012 жыл
5. «Отбасы және балабақша» журналы. 2010 жыл
6. «Мектеп алды даярлық» журналы. № 3, 2009 жыл
7. «Мектепке дейінгі білім» журналы. № 4, 2011 жыл
8. «Сен білесің бе?» энциклопедиясы
9. «Кел ойнайық балақай» 2010 жыл

### **Мұғалімге арналған әдебиеттер.**

1. Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Зерек бала» бағдарламасы
2. Қ. Құрманғали Орыс халық ертегілері Алматы «Жалын» баспасы.
3. М. Мақашева Әйбат ертегілер Алматы «Аруна» баспасы
4. Сөйлейтін кітап «Әлем ертегілері» Алматы «Тәлім-Таным» ЖШС
5. Кел, балалар, оқылық Алматы «Дәуір кітап»

ҚАРАЛДЫ

БЕКІТЕМІН

КЕЛІСІЛДІ

№1 педагогикалық кеңесте «Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің директоры

«31» тамыз 2021 ж.



  
Кобиланов Р. Ж.

Әйтеке би аудандық білім бөлімі басшысы



Б. Д. Сейтжанов

2021 ж.

## Тақырыбы: «Сынайылық – адамгершілік айнасы»


Шағын орталық, ересек топ  
(вариативтік компонент)

### ОРЫНДАДЫ:

Шағын орталық тәрбиешісі *Мадиева А. Н*


### №1 әдістемелік бірлестік отырысында қаралды:

Әдістемелік бірлестік жетекшісі

26.08.2021ж.  Убаева Г. Т.

### ТЕКСЕРІЛДІ:

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

27.08.2021ж.  Калданова Б. С.

Тереңсай ауылы

## **Түсінік хат**

Сыпайылық адам бойындағы құнды қасиеттердің бірі. Сонау ата-баба заманынан, біздер үшін, яғни, қазақ халқы үшін тәрбиенің маңызы өте зор.

Кішіпейілділік, тазалық, әдептілік, көмек беру, достық, жақсылық, ар - ұят, қызмет ету, имандылық, инабаттылық, елін, жерін сүю – адамгершіліктің басты ұстанымдары екенін ұғындыра отырып, сыпайылық, ізеттіліктің құнды қасиеттерін балалардың бойына сіңдіру.

Сыпайылық -адамгершіліктің басты белгісі,оның бірінші шарты.Ол имандылыққа, ар-ұятқа байланысты. Әдеп сақтау, ол қоғам мүшелерін ата-бабадан қалған бұрыннан қалыптасқан әдептілік ережелерін бұзбауға міндеттейді. Яғни әрбір адам әдепсіз немесе әдепті болып тұмайды, оған отбасы, балабақша, мектеп, қоршаған орта әсер етеді. Халқымыздың әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған.

«Жас бала жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді» дейді халқымыз. Бұл бейнелі сөз жасөспірімнің есейіп үлкен өмірге жолдама алар алдында ата-ананың, тәрбиешілердің аялы алақанында, ыстық ықыласында, қамқорлық құшағында, жанашыр тәрбиесінде болатынынан туса керек. Өйткені жаңа отырғызған жас көшет те қашан тамыры тереңдеп, жапырағы жайқалып, саялы ағаш боп үлкейгенше мәпелеп күтуді керек етеді.

Балаларды кішіпейілділікке, үлкендерді сыйлауға, көмектесуге үйрету, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден жирену сезімін дамыту. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру. Балаларды әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Өз-өздерін қоғамдық жерлерде ұстай білуге және көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру.

### **Мақсаты:**

- Ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, еңбекқорлық қасиеттерін қалыптастыру.
- Кішіпейілділік, тазалық, әдептілік, көмек беру, достық, жақсылық, ар-ұят, қызмет ету, имандылық, инабаттылық, елін, жерін сүю – адамгершіліктің басты ұстанымдары екенін ұғындыра отырып, балалардың бойына адамгершілікті сіңіру.
- Жасөспірімдердің ой-санасын оята отырып, өзін-өзі тануға және бағалауға, адамгершілікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу.
- Әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу;

### **Міндеттері:**

- Баланың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді ұялату,
- жақсы-жаманды ажырата білуге ,
- адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету.
- Бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсартуға,
- адамгершілік туралы түсініктерін кеңейту.
- айналасындағы адамдарға тілеулес, ізгі ниеттерін дамыту.
- тазалыққа, сенімге, сыпайылыққа тәрбиелеу.

### **Күтілетін нәтижелер:**

- өзгелердің еңбегін құрметтей біледі, жағымды-жағымсыз істерді айырады.
- өз денсаулығын күтеді, таза, әдемі болуға бейімделеді.
- адамгершілік қағидалары туралы біледі.
- өз бойларына осы қасиеттерді дарытады.

## **Ақпараттық - әдістемелік бөлімі.**

«Сыпайылық-адамгершілік айнасы» бағдарламасының мазмұны мектепке дейінгі балалардың жас ерекшелігіне сай келеді.

Бұл бағдарламада дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселенің бірі болып қарастырылған.

Бағдарламаның мақсаты- рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу.

Бағдарламаны құрастырушы мектепке дейінгі балаларды сыпайы болуға тәрбиелеуде өлең-тақпақтарды, әңгімелерді, дидактикалық ойындар мен мақал-мәтелдерді кеңінен пайдаланған.

Бағдарламаның маңыздылығы балаларды айнала қоршаған ортамен таныстыру арқылы әдептік-танымдық белсенділікті таныту, сөздік қорын байытып, дүниетанымын арттыратын жаңылтпаштарды, жұмбақтарды, халық даналығын ұялататын мақал-мәтелдерді мектеп жасына дейінгі балаларды сыпайы болуға, адамгершілікке жетелеу мақсатында қолдану. Берілген тақырыптар арқылы балалар шағын әңгімелер құрастыруға, мақалдарды жалғастыруға, сөздердің ұйқасын табуға, суретпен жұмыс жүргізуге машықтанады. Баланың тілі бай болса, оның ойы да кең болады.

Сондықтан оның тілін байытып, ойын кеңейте түсу үшін өлең, ертегі, әңгіме, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, әдеби шығармалардан үзінділер оқып, таныстырудың маңызы зор. Сол арқылы олардың ойлау қабілеттері артып, көргендерінен ой түйіп, қорытынды жасауға үйренеді. Ертегілер, қысқа әңгімелер, өлең-тақпақтар, баланың жан дүниесін байытып, сана-сезімін оятып, ақыл-есін дамытады, адамгершілік асыл мұраттарға жетелейді.

Бағдарлама ересек топ балаларына арналған.

## Мазмұндық бөлім

№	Тақырыбы	Мазмұны
1	«Тіл табыса білейік».	<i>Бір-бірін түсініп, сыйластықпен араласу қажеттілігін түсіндіру. Айналасындағы адамдарға тілеулес, ізгі ниеттерін дамыту. Тазалыққа, сенімге, сыпайылыққа, баулу. Бір - бірін сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.</i>
2	«Сыпайы сөйлеу».	<i>«Өтінемін»және «кешіріңіз»деген сөздерді қолдана білуге үйрету.Көмектескен әрбір адамдарға «рақмет»айтып алғыс білдіру керектігі туралы түсіндіру. Жолдастарына, ата-анасына, айналасындағы адамдарға сыпайылық, әдептілік көрсетуге тәрбиелеу.</i>
3	«Сіз деген-әдеп, біз деген- көмек».	<i>Өзара сыйластық қарым-қатынастарының адам өміріндегі мәнін түсіндіру. Әдептілік, сыпайылық туралы түсініктерін кеңейту. Өзара көмекке және ізгілікке тәрбиелеу.</i>
4	«Үлкенге құрмет».	<i>«Сыйластық», «құрмет» ұғымдарының мәнін ашу. Үлкен кісіге орын беру, төрге шығару, жол беру т.б әдептілік ережелері туралы түсіндіру. Әдептілік дағдыларын қалыптастыру. Сыйластыққа, құрметтей білуге тәрбиелеу.</i>
5	«Қонақты қабылдаймыз».	<i>Үйге келген қонақпен амандасып, жылы шыраймен күтуге үйрету. Қонақжайлылық, жағымды қарым - қатынас дағдыларын дамыту. Үлкендерді және өз жолдастарын сыйлауға тәрбиелеу.</i>
6	«Астарың дәмді болсын!».	<i>Дастарқан басында денені түзу ұстап, тамақты ұқыпты жеуге үйрету.Тыныштықты сақтай отырып, ас ішіп болған соң, үлкендерге «рақмет» айту керектігі туралы түсіндіру. Ұқыптылыққа, сыпайылыққа тәрбиелеу.</i>
7	Кел, жаттайық. Ә.Ақылбеков. « Әдептілік әліппесі»	<i>Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру; байланыстырып сөйлеуге, өз ойларын жеткізе білуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Әдептілікке тәрбиелеу.</i>
8	« Менің жасаған ісім».	<i>Балалардың қандай болмасын жасаған істеріне, қылықтарына баға беріп, талқылай білуге үйрету. Қателіктерін мойындап, кешірім сұрауға тәрбиелеу.</i>
9	Мен және менің айналадағы адамдар. Сөйлесу мәдениеті.	<i>Достық түсінігі мен мәдениетті сөйлесу ережелерімен таныстыру. Зейіндерін шоғырландыру, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін арттыру. Достыққа, төзімділікке, өзге адамдарға сый-құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</i>
10	« Жақсы деген не? Жаман деген не?»	<i>Жақсы мен жаманды айыра білуге үйрету.Қайырымдылық, әдеттілік, қатыгездік туралы түсіндіру. Жолдастарының ойын тыңдауға, өз ойларын жеткізе білуге дағдыландырып, тілдерін дамыту.Ұжымда жүру ережесі туралы білімдерін нысықтау. Балаларды қайырымды, әділ болуға тәрбиелеу.</i>
11	«Бәріміз бір тұтас отбасымыз».	<i>Балабақшадағы құрдастарымен жақсы қарым-қатынаста болуға үйретуді жалғастыру. Өз ойын шығармашылық және суреттеу арқылы қамтып көрсетуге үйрету. Қамқорлыққа, әдептілікке тәрбиелеу.</i>

12	«Табиғатты аялайық!».	<i>Балаларға табиғаттың адам өміріне келтіретін пайдасы жөнінде түсінік беру. Табиғатқа деген жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру. Табиғаттағы өзгерістерді байқауға үйрету. Табиғатты қорғап, қамқор болуға тәрбиелеу.</i>
13	«Менің балабақшам».	<i>Балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Мақтаныш, құрмет сезімдерін дамыту. Өздерінің екінші үйлері, балабақшаларын құрметтеуге тәрбиелеу.</i>
14	«Автобуста келеміз».	<i>Қоғамдық көлікте өздерін ұстау, үлкендерге орын беру, ешкімге кедергі жасамау, тәртіпті сақтау ережелерімен таныстыру. Сыпайы, мейірімді, әдепті болуға тәрбиелеу.</i>
15	«Ананың алақаны».	<i>Анасына қамқор болып, көмектесе білуге үйрету. Әр баланың өз ойларын анық жеткізіп айта білуге дағдыландыру. Анаға, әжесі деген қамқорлық, сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.</i>
16	«Достық мерекесі».	<i>Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдері туралы түсінік беру. Өзге ұлт өкілдеріне сыйластықпен қарап, олардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</i>
17	«Менің отбасым».	<i>Өз отбасы туралы түсінік беру. Отбасындағы адамдардың қайырымдылықтары мен бауырмалдықтары жайлы түсінік беру. Жақын адамдарына жылы қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.</i>
18	« Өтірік айту жаман қасиет».	<i>Балаларға өтірік айту, алдау жаман әдет екені туралы түсінік беру. Адалдық, шыншылдық қасиеттері туралы ұғымдарды ашу. Балалар бойында жақсы қасиеттерді ояту.</i>
19	«Кімге ұқсағың келеді?».	<i>Балаларды ойлауға, қиялдауға үйрету. Сөздік қорын, тіл байлығын дамыту. Еліктеу сезімдерін қалыптастыру. Әдеп-талаптарын орындауға ынталандыру. Әсемдікке тәрбиелеу.</i>
20	«Дос дегеніміз не?»	<i>Балалардың арасындағы ұнамды қарым-қатынасты қалыптастыру. Өзара достық ұғымдары туралы түсінік беру. Айналасындағы адамдарға жақсы көзқараспен қарауға дағдыландыру. Қамқорлыққа, әдептілікке тәрбиелеу.</i>
21	«Біз әдепті баламыз».	<i>«Әдеп», «әдептілік» туралы түсініктерін кеңейту. Жағымды қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Балаларды адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу.</i>
22	«Мейірімді болу дегеніміз не?»	<i>«Мейірім» сөзінің мағынасын түсіндіру. Үлкендерге құрметпен, кішіге ізетпен, ал жан-жануарларға қамқорлықпен қарауға үйрету. Бір-біріне көмектесіп, кішкентай кезінен мейірімді болуға тәрбиелеу.</i>
23	«Сүйікті ойыншықтарым».	<i>Балаларға ойыншықтардың қасиеті, түр-түсі, неден жасалғаны, туралы айтып білімдерін кеңейту. Өздерінің ойыншықтары жайлы әңгіме құрастырып, оны байланыстырып айта білуге жаттықтыру. Ойыншықтарына ұқыпты қарауға тәрбиелеу.</i>
24	«Денсаулық және пайдалы ас».	<i>Денсаулық жақсы тамақтануға байланысты екенін, тағам тек тәтті болу керек емес, пайдалы болу керектігі туралы түсінік беру. Дәрумендердің адам денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу. Асықпай дұрыс тамақтануға тәрбиелеу.</i>
25	«Отбасында бәрі еңбектенеді».	<i>Отбасында бірге тұратын адамдар бір-бірін қамқорлайды, жақсы көреді деген ойларын кеңейту. Үлкендердің еңбектеріне құрметпен</i>

		<i>қарауға тәрбиелеу.</i>
26	«Әдепті сөз».	<i>«Сіз», «біз» сөздерінің мағынасын түсіндіру. Адамгершілік туралы түсініктерін қалыптастыру. Көркем сөйлеу мен көркем орындау қабілеттерін, сөздік қорларын дамыту. Жақсы қылықтарын атап көрсету арқылы әдептілікке тәрбиелеу.</i>
27	Менің сүйікті ертегім. «Түлкі мен ешкі» ертегісі	<i>Ертегіні оқып беру, әңгімелеуге үйрету. Балалардың білетін ертегісін еске түсіру арқылы тіл байлықтарын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Адалдыққа, өтірік айтпауға, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.</i>
28	«Болған жағдайда не істер едің?».	<i>Басқа балалардың қылықтарын талдауға үйрету. Біреуді ренжіткен жағдайда, ақылмен шешіп, достыққа шақыруға тәрбиелеу. Достық сезімдерін ояту.</i>
29	«Мен үйдемін».	<i>Күн тәртіп ережелеріне балалардың назарын аудару. Демалыс күндері күн тәртібін сақтау керек екендігін түсіндіру. Үй шаруашылығына белсенді қатысуға, тұрақты міндеттер орындауға тәрбиелеу.</i>
30	«Мақал-сөздің мәйегі».	<i>Оқу-білім, еңбек туралы мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру. Ауызша жатқа айтуды үйрету. Адамгершілікке, достыққа, зейінділікке тәрбиелеу.</i>
31	«Туған жерімді сүйемін!».	<i>Отан, сүйіспеншілік, туған жер туралы түсініктерін қалыптастыру. Отанын, туған жерін мақтан тұтып, сүюге, қадірлеуге тәрбиелеу.</i>
32	«Жолда жүру ережесін сақтайық!»	<i>Жол ережесі туралы түсіндіру. Бағдаршамның белгілерімен, көшеде өзін-өзі ұстаудың қарапайым дағдыларымен таныстыру. Көшеде әдеп сақтап, басқаларға кедергі жасамай дұрыс жүруге тәрбиелеу.</i>
33	«Тәні саудың дені сау»	<i>Балаларға денсаулықтарын сақтауға, денсаулыққа зиянды жағдайлардан қалай қорғану керектігін түсіндіру. Үнемі таза болып жүру керектігін ұғындыру. Тазалықты сақтауға тәрбиелеу.</i>
34	«Достарымды жақсы көремін»	<i>Балаларды достық қарым-қатынасқа шақыру. Достарына әр уақытта көмектесіп, қамқор болуға үйрету. Бір-бірінің арасында жағымды қасиеттерді қалыптастыру. Сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Достыққа берік болуға тәрбиелеу.</i>
35	«Сенің денсаулығыңды кім қорғайды?»	<i>Адамдардың денсаулығын қорғайтын дәрігерлердің еңбектері туралы түсінік беру. Аурухана туралы түсініктерін қалыптастыру. Дәрігерлердің еңбектерін құрметтеуге, сыпайлылыққа тәрбиелеу.</i>
36	«Мен жақсы баламын»	<i>Барлық адамдар бір-біріне ұқсас еместігі туралы түсінік беру. Құрдастарымен жақсы қарым-қатынаста болуға үйрету. Өзіндік жеке адам болуына тәрбиелеу.</i>

**Нормативтік бөлім**  
Барлығы -36сағат Аптасына-1 сағат

№	Тақырыбы:	Пайдаланылған әдебиеттер	Сағат саны	Уақыты
1	«Тіл табыса білейік»	№1	1	3.09
2	«Сыпайы сөйлеу»	№2	1	10..09
3	«Сіз деген-әдеп, біз деген- көмек».	№6	1	17.09
4	«Үлкенге құрмет».	№4	1	24.09
5	«Қонақты қабылдаймыз»	№5	1	1.10
6	«Астарың дәмді болсын!».	№7	1	8.10
7	Кел, жаттайық. Ә.Ақылбеков. « Әдептілік әліппесі»	№2	1	15.10
8	« Менің жасаған ісім».	№1	1	22.10
9	Мен және менің айналадағы адамдар. Сөйлесу мәдениеті	№1	1	29.10
10	« Жақсы деген не?Жаман деген не?»	№2	1	5.11
11	«Бәріміз бір тұтас отбасымыз».	№4	1	12.11
12	«Табиғатты аялайық!».	№3	1	19.11
13	«Менің балабақшам».	№5	1	26.11
14	«Автобуста келеміз».	№6	1	3.12
15	«Ананың алақаны».	№7	1	10.12
16	«Достық мерекесі».	№1	1	24.12
17	«Менің отбасым».	№2	1	31.12
18	« Өтірік айту жаман қасиет».	№5	1	14.12
19	«Кімге ұқсағың келеді?».	№5	1	21.01
20	«Дос дегеніміз не?»	№4	1	28.01
21	«Біз әдепті баламыз».	№6	1	4.02
22	«Мейірімді болу дегеніміз не?»	№7	1	11.02
23	«Сүйікті ойыншықтарым».	№3	1	18.02



24	«Денсаулық және пайдалы ас»	№1	1	25.02
25	«Отбасында бәрі еңбектенеді»	№2	1	4.03
26	«Әдепті сөз».	№1	1	11.03
27	Менің сүйікті ертегім. «Түлкі мен ешкі» ертегісі	№5	1	18.03
28	«Болған жағдайда не істер едің?».	№7	1	1.04
29	«Мен үйдемін».	№1	1	8.04
30	«Мақал-сөздің мәйегі».	№3	1	15.04
31	«Туған жерімді сүйемін!».	№4	1	22.04
32	«Жолда жүру ережесін сақтайық!»	№1	1	29.04
33	«Тәні саудың дені сау»	№2	1	6.05
34	«Достарымды жақсы көремін»	№1	1	13.05
35	«Сенің денсаулығыңды кім қорғайды?»	№5	1	20.05
36	«Мен жақсы баламын»	№5	1	27.05
	Барлығы:			36 сағат

### **Оқушыларға арналған әдебиеттер**

1. «Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі» Ұзақбаева С.А. Алматы «Рауан» 2000 ж
2. «Әдептілік – әдемілік».Е.Өтетілеуұлы. Алматы. 2007ж.
3. «Бала мен балабақша» журналы №9 2011ж. Журнал «Хай Текнолоджи»ЖСШ
4. « Керек кітап» Ө. Ақыпбекұлы .Алматыкітап баспасы 2011ж
5. «Әйбат әліппе» Е.Өтетілеуұлы. «Аруна» баспасы 2007 ж
6. «Кел, балалар,ойнайық!»-Алматы -2004ж

### **Мұғалімге арналған әдебиеттер**

1. Балапан әлемі журналы №6 2011ж. ЖШС «Полиграфсервис».Алматы қаласы
2. Мектеп жасына дейінгі тәрбие теориясы және әдістемесі:
3. Жұмағұлова Қ.Б. Шәріпбаева Г.Р Оқулық-Астана: «Арман-ПВ» баспасы 2007ж
4. Сауат ашу. Дидактикалық материалдар. Мектепалды сыныптары мен топтарына арналған оқу құралы. Р. Мәженқызы Ш. Нұржұмина А.Жұматаева Алматы «Мектеп» 2003 ж
5. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы –«Арман ПВ» ЖШС,2005 ж
6. «Тіл үйренейік» Балалар әдебиеті баспасы 2006ж.
7. «Күншуақ» №6, 2015 ж «Print House Gerona» ЖСШ баспасы.

ҚАРАЛДЫ

БЕКІТЕМІН

КЕЛІСІЛДІ

№1 педагогикалық кеңесте

«Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің директоры

Әйтеке би аудандық білім бөлімі басшысы

«31» тамыз 2021 ж.

  
Кобиланов Р. Ж.

  
Б. Д. Сейітдинов

2021 ж.

## Тақырыбы: «*Табиғатты аялайық*»


Шағын орталық, ересек топ  
(вариативтік компонент)

### ОРЫНДАДЫ:

Шағын орталық тәрбиешісі *Мадиева А. Н*

### №1 әдістемелік бірлестік отырысында қаралды:


Әдістемелік бірлестік жетекшісі

 Убаева Г.Т.

26.08.2021ж.

### ТЕКСЕРІЛДІ:

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

 Калданова Б.С.

27.08.2021ж.

Тереңсай ауылы

## Түсінік хат

Экологиялық тәрбие жұмысы адамгершілік, эстетикалық, еңбек тәрбиелерімен сабақтас жүргізіліп отырса, табиғатқа жанашырлық таным-түсінік қалыптасатындығы табиғи шындық. Экологиялық тәрбиеге байланысты табиғат аясындағы еңбекке тоқталатын болсақ, ол бүлдіршіндерге бақшада, табиғат мүйісіндегі еңбектерге қатыстыру болып табылады. Табиғат аясында, табиғат бұрышындағы гүлдерді күтіп баптауға, жануарлармен құстарды қорғай білуге ынталандыру. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін нығайтып, оны қорғау, қамқоршы болуға, қиялдау шығармашылығын дамытып, ересектер еңбегін бағалай білуге машықтандыру.

Бұл топтағы балаларды табиғат туралы түсінік тәрбиеші көмегімен (көшені, жолды тазарту, қарды күреу) балалардың өз аулаларының қарын тазалауға көмектесулері, ақпаратпен жұмыс жаңа ақпаратты қалай ұсыну керектігін, оның кімге қызық екендігін түсінеді. Экологиялық табиғатпен дос болуды міндетке ала отырып, оқу қызметінде балалар білімді жан-жақты тәрбиеленеді.

Бағдарлама аптасына 1 рет базистік жоспардың жылжымалы бөлігінде жүргізіледі. Жыл бойы жүргізілетін сағат саны -36, бағдарлама негізінен тоқсандық тақырыптарға бөлініп, жоспарланған.

Табиғатпен таныстыру – балалардың танымын дамытудың басты құралдардың бірі. Мұнда балалардың қоршаған орта жөніндегі ұғым түсініктерін байытатын жалпы және нақты мәліметтер алуының маңызы зор. Бағдарлама барысында «Табиғат – бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы, тал бесігі, өсіп-өнер мекені» екендігі жөнінде нақты түсініктер беріледі. Табиғаттағы әдемілікті сезініп, қабылдау дағдысы өзінен-өзі келе қоймайды, оны дамыту, жағымды іс-әрекет түріне айналдыру ата-аналардың және тәрбиеші-ұстаздардың көмегімен жүзеге асырылады. Демек, оларды өз бетінше әрекет жасауын бақылау, оның мазмұнын талдау балалардың жеке басы ерекшеліктерінің экологиялық тәрбиелілігінің деңгейін анықтауғы мүмкіндік береді.

Балалардың танымдық қабілетін арттыра отырып табиғатты сүйуге, оған қамқор бола білуге тәрбиелеу. Эстетикалық сезімдерін дамыту, табиғаттың әсемдігін, әдемілігін көре білуге дағдыландыру. Шығармашылық қабілетін, қиялын ойлау сияқты танымдық үрдістерін дамыту. Балабақша алаңында (табиғаттағы еңбек) оларды күтіп-баптай білуге тәрбиелеу. Тәжірибе жасау – бақылау нәтижесіндегі өз пікірін айтумен сабақтасып келген іс жүзіндегі танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыру. Табиғатпен тілдесу, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің объектілерімен еркін түрде байланыс жасау – бақылау, оларды еркелету, күтіп-баптау іс-әрекетін білуі керек. Алған білімдеріне сүйене отырып өз беттерінше бақылай ала білуі керек.

**Мақсаты:**

- Баланың тірі және өлі табиғат нысандарына қызығушылықпен білуге құштарлық негізінде өзін-өзі дұрыс ұстау жайлы түсініктерін қалыптастырып, оң қатынас жасауға баулу.
- Жас ерекшеліктеріне сай бала бойына ұлттық әдеп-ғұрып, салт-дәстүр мұраларын сіңірген, болашақ табиғат жанашыры болатын, рухани жан дүниесі бай ұрпақ тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

- Экологиялық тәрбие- балалардың табиғатқа деген жанашырлығы, қамқорлығы және еңбекқорлығы белсенділігі мен ұқыптылығы сияқты дағдыларды меңгереді.
- Дидактикалық ойындар арқылы табиғат жөніндегі түсініктерін қалыптастырып, бекітеді.
- Бала тәрбиесінде өзіндік орны бар жаңылтпаш, мақал-мәтелдерді, ауа-райы немесе табиғатқа арналған халық болжамдарын орынды пайдалану арқылы баланың қоршаған орта, табиғат туралы ой-өрісін дамытып, тілін ширатады.

**Күтілетін нәтиже:**

- 1) Туған жердің өсімдіктерін, ағаштарын, өзен-көлдерін, аңдарын есте сақтай білуге және оларды қорғауға, аялай білуге үйренеді;
- 2) Өлі, тірі табиғат туралы таным қабілеттері артады, түсінігі кеңейеді;
- 3) Табиғатқа деген қызығушылықтары артады және жанашыр болуға бейімделеді.

## **Ақпараттық - әдістемелік бөлім**

Мектепке дейінгі тәрбие балалардың жас ерекшелік қабілеттерін есепке ала отырып, құрастырылған оқыту мен тәрбиелеу бағдарламалар жиынтығын жүзеге асыра отырып, жүргізілетін Қазақстан республикасындағы бірінші оқыту жүйесі болып табылады.

Тәрбиешінің «Біз- табиғат жанашыры» бағдарламасы негізгі жоспарға қосымша ретінде жүргізілетін вариативтік бөлім болып табылады.

Бағдарлама айналаны ,қоршаған ортаны таныстыру мақсатында дайындалған, яғни «біз-табиғат жанашырымыз» деп қарау міндеті күтілуде.

Айналадағы қоршаған әдемілікті кішкентай кездерінен бастап,бойларына сіңіріп өсірсе, келешекте өз Отанына, жеріне, табиғатына деген көзқарасы ашық, жанашыр азамат болып өсетіні сөзсіз.

Тәрбиеші табиғатты қорғау мақсатында «Орман ағаштары», «Кұстар біздің досымыз», «Күз жомарт», «Ағаштар тіршілігі», «Гүлдер сыры» деп алынып,балаларға олар туралы түсінік беріліп, қорғауға шақырып отыр.

Бағдарлама жан-жақты қамтылып, балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға көптеген бақылау,бейнесюжет эксперимент қарастырылған. Оқу іс-әрекеті ересек топтарға арналған.

## Мазмұндық бөлім

№	Тақырыбы	Мазмұны
1	«Балабақша ауласындағы серуен». д/о: «Ағаштар»	<i>Табиғаттың күзгі көріністерін тамашалай білуге үйрету. Ағаш жапырақтарын айыра білуге үйрету. Табиғатты қорғай білуге үйрету. Балаларға ашық алаңдағы серуендеу арқылы табиғаттың тамаша құбылыстарын бақылату.</i>
2	Бауда және бақшада өсетін өсімдіктер.	<i>Көкөністер түрі, дәмі, көлемі, аттары туралы білімдерін бекіту. Олардың қайда, қалай өсетіні туралы түсіндіру. Көкөністердің пайдасы туралы ұғындыру.</i>
3-4	Дастарханға нан қалай келеді? Адамдардың күзгі еңбегі.	<i>Күздің ерекшелігін аңғарып адамдар егіс даласында қандай жұмыстар істеп жатырғандары туралы сурет бойынша әңгіме айтуға үйрету.</i>
5-6	Қыстап қалатын және ұшып кететін құстармен танысу.	<i>Өз өлкеміздегі табиғатқа назар аудару, ұшып кететін және қыстайтын құстар туралы түсініктерін кеңейту, жергілікті құстармен таныстыру. Оларға жем шашып қамқор болуға тәрбиелеу.</i>
7	Шыбын мен маса қалай өмір сүреді.	<i>Шыбын-шіркей күзде ағаштар арасына тығылып жоқ болып кететіні туралы салқынға шыдамайтыны туралы олардың өз өмірі бар екендігін айтып түсіндіру.</i>
8	Табиғи материалдар жинау(гүл тұқымдары, ағаш жаырақтары)	<i>Шырша дәндерін, ағаш жапырақтарын, гүлдердің тұқымдарын жинап кептіру жолдарын үйрету.</i>
9	Жыл мезгілдері.	<i>Жылдың төрт мезгіліне сай суреттерді ажырата білуге үйрету. Әр жылдың ерекшеліктері туралы ұғындыру.</i>
10	Күзгі табиғат құбылыстары.	<i>Балаларға күзгі табиғат құбылыстары туралы түсіндіру. Жаңбыр және салқын ауа райы туралы халық болжамдарын айтып ұғындыру. Күз мезгілі жайлы өлең жаттату.</i>
11	«Зообаққа саяхат» д/о: «Не жоқ?»	<i>Зообаққа серуенге барғандарын әңгімелету, ондағы жануарлардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту.</i>
12	Күз кереметі.(балалар қол өнерін байқау)	<i>Күз мезгілінің соңғы айы. Сұрақ-жауап арқылы білімдерін тиянақтау. Адамдардың еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.</i>
13	Алақай, қыс келді!	<i>Қыс несімен қызықты. Қардан сырғанақ жасау, түрлі бейнелер жасап, қызықты ойындар ойнауға үйрету. Шымырлаққа тәрбиелеу.</i>
14	Қар жамылған ағаштар. Д/О: «Қай ағаштың бұршағы»	<i>Қыс мезгіліндегі ағаштардың құбылысын бақылату, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</i>
15	Құстардың қысқы тіршілігі	<i>Құстардың қысқы тіршілігі туралы түсінік беру. Қысқы тіршілігіне бақылау жасау, қыс мезгілінде құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.</i>
16	Табиғатты қорғаудағы халық болжамдары.	<i>Туған өлке табиғатын қорғау, халық болжамдары туралы түсінік беру. Балалардың сөздік қорын молайтуға тәрбиелеу.</i>
17	Табиғат- әсем ,тамаша.	<i>Табиғат әсемдігі бейнеленген суреттерге қарап, әсерлі әңгіме айту. Табиғат әсемдігін бақылай білуге баулу, оны қорғауға тәрбиелеу.</i>
18	Табиғат бұрышындағы еңбек	<i>Тамырланған бөлме гүлдерін отырғызуды үйрету. Оны күте білуге тәрбиелеу.</i>

19	Аквариумдағы балық тіршілігі.	<i>Табиғат бұрышындағы балық тіршілігі туралы түсінік қалыптастыру.</i>
20	«Экологиялық бөлме» (дидактикалық ойындар)	<i>Туған елдің табиғатына деген сүйіспеншілігін арттыру, жануарлар мен өсімдіктерді күте білуге тәрбиелеу.</i>
21	Қар ериді, су болады (тәжірибие жасау)	<i>Қоршаған айналаны бақылауды жалғастыру, мұздың суға айналуына назар аударуға үйрету.</i>
22	Тұқымдарды отырғызу.	<i>Өсімдікті өсіру үшін қажетті жағдайларды жасауға үйрету. Өз ниетімен өсімдікті өсіруге үйрету.</i>
23	Қардан жануарлар бейнесін жасату.	<i>Қарды үйіп, опалай отырып, үңгірлеуге, домалақтауға үйрету. Жануарларға деген сүйіспеншілігін арттыру.</i>
24	Қыс мезгілін шығарып салу.	<i>Жаңылтпаш, тақпақ айта отырып, қыс мезгілін шығарып салу.</i>
25	Наурыз-жыл басы.	<i>Наурыз-жыл басы. Күн мен түннің еңелуі туралы айтып түсіндіру. Мереке туралы түсінік беру. Баланы еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.</i>
26	Қала тазалағы-ауа тазалығы.	<i>Серуен кезіндегі көшедегі қар суын, көшені тазалайтын адамдардың еңбегін бақылау. Қала тазалығына бәрімізде үлес қостынымызды айту.</i>
27	Құстар біздің досымыз.	<i>Құстар және олардың көктемгі тіршілігі. Табиғатқа келтіретін пайдасы туралы түсінік беру. Құстарға жағдай жасауға түсінік беру.</i>
28	Балабақша ауласына ағаш көшеттерін отырғызу.	<i>Бақша ішіндегі алаңқайға тамырланған көшеттерді отырғызуды көрсету.</i>
29	«Табиғат бұрышындағы еңбек» д/о «Не қайда өседі?»	<i>гүлдерді күтуге, баптауға үйрету, балаларды еңбекке баулу, үлкендердің еңбегін бағалай білуге дағдыландыру.</i>
30-31	Дәнінен тұқымына дейін	<i>Балалардың өсімдіктердің дәнінен жемісіне дейін өсу және даму жолдары туралы түсінік беру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</i>
32	Құстарға ұя жасайық.	<i>Құстарға жасаған ұяны ағашқа ілу. Құстардың жем жеуін бақылау. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</i>
33-34	Өз алаңқайымызды таза ұстайық.	<i>Бақша айналасындағы жас ағаштарға су құйып, қарауға табиғатты аялауға тәрбиелеу.</i>
35-36	«Туған өлкенің табиғаты» д/о «Сиқырлы қобдиша»	<i>Балаларды туған қаланың табиғатымен танысуды, одан әрі жалғастыру, тіл байлығын, сөздік қорларын дамыту.</i>
	<b>Барлығы:</b>	<b>36 сағ</b>



**Нормативтік бөлім**  
Барлығы- 36 сағат Аптасына-1сағат

№	Тақырыбы		Сағат саны	Уақыты
1	«Балабақша ауласындағы серуен». д/о: «Ағаштар»	Серуендегі бақылаулар.Кептіруге жапырақтарды дайындау. Д/О «Қай ағаштың жапырағы». «Осындай ағашты тап».	1	1.09
2	Бауда және бақшада өсетін өсімдіктер.	«Не деп барып жеу керек?»өлеңді жаттау. Көкөністер мен жеміс-жидектердің суреттері, муляждар.Д/О «Кім шапшаң?»	1	8.09
3-4	Дастарханға нан қалай келеді? Адамдардың күзгі еңбегі.	Нан туралы мақал-мәтел.Д/О «Суретші нені шатастырды?»	2	15.09 22.09
5-6	Қыстап қалатын және ұшып кететін құстармен танысу.	Серуенде құстарды бақылау. Д/О «Ненің құйрығы?», «Құстар қалай дыбыстайды?»	2	29.09 6.10
7	Шыбын мен маса қалай өмір сүреді.	Жұмбақ шешу. Әңгімелесу. Д/О «Атын ата»	1	13.10
8	Табиғи материалдар жинау(гүл тұқымдары,ағаш жаырақтары)	Д/О «Дәндеріне қарап ағашын ата»	1	0.10
9	Жыл мезгілдері.	Тақпақтар оқу. Д/О «Бұл қай мезгіл?»	1	27.10
10	Күзгі табиғат құбылыстары.	Күз мезгілінің суреттері, бақылау күнделігі, қағаз, қарындаштар.Қ/О: Күн мен Жаңбыр»	1	3.11
11	«Зообаққасаяхат» д/о: «Не жоқ?»	Фотосуреттер, зообақтағы жануарлардың суреттері, ойыншықтар.	1	10.11
12	Күз кереметі.(балалар қол өнерін байқау)	Жұмбақтар,тақпақтар. Д/О «Кім шапшаң көңілді бақта?»	1	17.11
13	Алақай,қыс келді!	Сырғанақ өлеңін оқу. Д/О «Суреттің қатесін тап»	1	24.11
14	Қар жамылған ағаштар.Д/О: «Қай ағаштың бұршағы»	Қыс мезгілінің суреті, слайдтар, үлестірмелі суреттер.	1	1.12
15	Құстардың қысқы тіршілігі	Қыстап қалатын құстардың суреті. Д/О «Ізіне қарай ажырат»	1	08.12
16	Табиғатты қорғаудағы халық болжамдары.	Ырым сөздер жинағы, мақал-мәтел.	1	22.12
17	Табиғат- әсем ,тамаша.	Бұл қай мезгіл. Д/О «Ойлан тап»	1	29.12
18	Табиғат бұрышындағы еңбек	Үй гүлі. Д/О «Суретіне қарап ажырат»	1	12.01
19	Аквариумдағы балық тіршілігі.	Жұмбақтар. Аквариумдағы балық. Қ/О «Кім көп балық аулайды?»	1	19.01
20	«Экологиялық бөлме» (дидактикалық ойындар)	Тақпақтар. Д/О «Экологиялық соқпақтар»	1	26.01
21	Қар ериді,су болады (тәжірибие жасау)	Серуендегі бақылау. Д/О «Салқын - жылы»	1	2.02

22	Тұқымдарды отырғызу.	Тұқымдар. Д/О «Бұл қай кезде болады?»	1	9.02
23	Қардан жануарлар бейнесін жасату.	Қысқы серуен, қар оппасы. Жұмбақтар.	1	16.02
24	Қыс мезгілін шығарып салу.	«Қыс» Абай. Д/О «Суреттен қыс мезгіліне байланысты өзгерісті тап»	1	23.02
25	Наурыз-жыл басы.	«Наурыз» Ә.Табылдиев Д/О «Бұл қай мезгіл?»	1	2.03
26	Қала тазалағы-ауа тазалығы.	Серуен.Бақылау.	1	9.03
27	Құстар біздің досымыз.	Құстардың суреті. Д/О «Суретке қарап,атын ата»	1	16.03
28	Балабақша ауласына ағаш көшеттерін отырғызу.	Серуен.	1	30.03
29	«Табиғат бұрышындағы еңбек» д/о «Не қайда өседі?»	Гүлдер топтағы, су құйғыш, шаң сүртегін шүберек, сюжетті суреттер.	1	6.04
30-31	Дәнінен тұқымына дейін	Табиғат күнтізбесімен жұмыс.	2	13.04 20.04
32	Құстарға ұя жасайық.	Ұя.Құсқа жем. Жұмбақтар.	1	27.04
33-34	Өз алаңқайымызды таза ұстайық.	Бақылау. Серуен.	2	4.05 11.05
35-36	«Туған өлкенің табиғаты» д/о «Сиқырлы қобдиша»	Ақтөбеқаласыныңфотосуреттері,слайдтар	2	18.05 25.05
<b>Барлығы:</b>			<b>36</b>	<b>сағ</b>

### **Оқушыларға арналған әдебиеттер**

1. Т. Айтбайұлы. «Жыл он екі ай». Алматы кітап. 2006 ж
2. Берікбаева А.С. «Ақ сандық, көк сандық». Алматы «Жазушы» 1998 ж
3. «Қоршаған ортамен танысу. Экология». «Алматы кітап» 2002ж
4. Т.М.Мандаренко. «Экологиялық сабақтар». Воронеж 2006.г
5. Баймұратов .Б. «Біздің кітап» Алматы кітап .1998ж
6. «Бөбектерге байғазы кітапханасы.» журналы Алматы 2000 ж
7. А.Е.Манкеш. «Айналаны қоршаған орта, экология.» Алматы 2005ж

### **Мұғалімге арналған әдебиеттер**

1. Т.М.Бандаренко. «Экологиялық тәрбие балалармен» 5-6-жас. Алматы 2005ж.
2. Молдова.Л. «Игровые экологические занятия с детьми» Алматы 2005ж.
3. Рыжова Н.А. «Невидимые ниточки природы» .Москва 1995г
4. Шорыгина Т.А. «Какие месяцы в году?» Москва .2000г
5. Рыжова Н.А «Я и природа». Москва 2002г
6. А.Е.Манкеш «Айнала қоршаған орта. Экология» Алматы кітап баспасы 2011ж. (әдістемелік нұсқау)
7. А.Е.Манкеш. «Табиғатты бағала да аяла» Алматы кітап 2013ж.
8. А.Е. Манкеш « Қоршаған ортамен танысу». «Экология негіздері» Алматы кітап баспасы 2007ж.